

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің түлегі

Балтабай Сымбат Нұрболатқызына

ПІКІР

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Физика-техникалық» факультетінің түлегі Балтабай Сымбат Нұрболатқызы қазіргі таңда «Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейі» КММ-де жұмыс жасайды. Ол өзін кәсібіне адал, жауапкершілігі жоғары, шығармашыл әрі жаңашыл ұстаз ретінде көрсетті.

Балтабай Сымбат Нұрболатқызы білім беру процесінде оқушылардың жеке қасиеттерін ашуға, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ерекше мән береді. Сабақ барысында оқытудың тиімді әдістерін, оның ішінде интерактивті технологияларды, топтық және жеке жұмыс түрлерін, сонымен қатар заманауи цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың білімге деген ынтасын арттырады. Оқушылармен жұмыс істеуде әрдайым жеке тәсілді қолданады, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, шығармашылық орта қалыптастырады. Ол тек білім беруші ғана емес, оқушылардың ынтасын оятып, шабыттандырушы ұстаз.

Ұжым ішінде әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орнатып, өзінің кәсібилігімен және тәжірибесімен бөлісіп отырады. Ол қалалық және облыстық деңгейдегі педагогикалық іс-шараларға белсене қатысады, жаңа идеяларды ұсынып, оларды іс жүзінде сәтті жүзеге асырады.

Біз Балтабай Сымбат Нұрболатқызы болашақта да үлкен жетістіктерге жетіп, білім беру саласында өзін үздік маман ретінде көрсететініне сенімдіміз.

«Ә.Ермеков атындағы
мектеп-лицейі» КММ директоры



Ж.Н.Тусжанова